Мектепте медицина кабинетінің көлемі (34,2кв/м) талапқа сай жабдықталған, лицензияланған. Медициналық бақылаудан барлық педагогикалық және кіші қызметкерлер ұжымы уақытында өткен. Мектеп медбикелері Турсынбекова Рыскул Аппозовна осы аталған мектепте 6 жыл қызмет етуде, Арқалық қаласы медициналық училищесін 1991 жылы аяқтаған. Тиесова Алмагул Таттигуловна 1 жыл жұмыс жасайды. Арқалық қаласы

медициналық училищесін 1990 жылы аяқтаған. Медицина қызметкерлеріне профилактикалық екпе жасауға рұқсат беру куәлігі №34 2023 ж 13 сәуір күні берілген және 2024 жылдың 20 маусымына дейін жарамды. Кабинет келесі жабдықтармен қамтамасыз етілген:

№	Медициналық жабдықтар атауы	саны
1	Жазуүстелі	2
2	Медициналық процедура үстелі	1
3	Медициналықкереует	1
4	Қағаздарғаарналғансөре	2
5	Медициналықэлектрондытаразы	1
6	Раковина	1
7	Медициналық ширма	1
8	Медициналық термометр	3
9	Медициналықтанометр	3
10	Медициналықфанендоскоп	2
11	Дәрігергеарналған шкаф	2
12	Дәрігергеарналғанмедициналықтоңазытқыш	1
13	Шамды кварц	1
14	Медициналықақ халат	2
15	Жалпытазалауғаарналған халат	2

2013 жылы желтоқсан айында мектепте автоматты өртке қарсы хабар беру дабыл жүйесі орнатылған. Мектептің үш қабатындада эвакуация жоспары бар. Білім алушылардың қауіпсіздігін ТОО «Охранная фирма KZ-Security» күзет фирмасы қамтамасыз етеді. Ол фирмамен 2024 жылдың ақпан айынан бастап келісімшарт жасалған. 2021 жылдың желтоқсан айынан бастап мектеп ғимаратында 32 бейнебақылау камералары орнатылған, оның 7-і ғимараттың сыртында, 25-і ғимараттың ішінде орналасқан. Дабыл түймесі 2017 жылдың мамыр айынан бастап жұмыс істейді. Бейнебақылау және дабыл түймесі орталықтандырылған жедел басқаруға қосылған. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кіре берісте арнайы карточкамен және Face арқылы кіретін турникет орналасқан.



Ғимаратта 10 әжетхана бар. Оларда 30 унитаз, 53 қолжуғыш, 19 кабина (1-ші қабатта - 2 әжетхана, 4-қабыршық, 8-унитаз), (2-ші қабатта - 5 әжетхана, 5- қабыршық, 7-унитаз). (3-ші қабатта -4 әжетхана, 4 қабыршақ, 6-унитаз). 2022 жылдың маусым айында әжетханаларға 19 кабина орнатылды. Сантехникалық жұмыс жабдық күйінде атқарылады. Жабдыкталған кабиналар және барлық қажетті сантехникалық жабдықтары бар, санитарлық тораптар, қолды өңдеуге арналған санитайзерлер, қол жууға арналған раковина орналасқан.



Ғимаратқа кіре берісте мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандус орнатылған, кіре беріс есіктің ені 90 см. Бірінші қабатта арнайы кіру жолдары /тактильді/ және ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Мүгедектерге арналған баспалдақтан жүретін жылжымалы шынжыр табанды қадамдау бар. Баспалдақтар мен пандустар тұтқалармен жабдыкталған. Есіктер мен баспалдақтар контрасты бояумен боялған. Ғимараттың бірінші қабатында мүгедектерге арналған әжетхана бар.

Мектептің бірінші қабатында білім алушылардың сыртқы киімдерін ілетін киім ілгіштер -3. Бірінші және екінші қабатта бастауыш сыныптарға арналған киім жәшіктерімен жабдыкталған.



Білім алушыларды тегін тамақпен қамтамасыз ету мақсатында ас блогын жалға алған, оның көлемі: 166,70 кв/м. Асхана 1-ші қабатта орналасып, техникалық және сантехникалық жабдықтарымен толық жасақталған, ыстық сумен қамтылған. Асхана 2023 жылдың қараша- желтоқсан айларында жаңа жабдықтармен қамтамасыз етілді. Асханада 120 орындық бар, ыстық тамақпен қамтамасыз ететін жеке кәсіпкер Бахытжан Кенесхановна Мукаева.



Білім алушылар үшін 36 сынып бөлмесі бар. Бірінші қабатта оқу сыныптары – 6, екінші қабатта – 13, үшінші қабатта - 15, 1- дене шынықтыру залы және 1 кіші дене шынықтыру залы бар. Кітапхана қоры 63918, негізгі фонд – 22962, оқулық – 40956. Кітапханаға жаңа үлгідегі сөрелер мен толықтырылып, оқырмандар отыратын орындықтармен қатар жұмыс жасауға арналған планшеттер мен принтерлермен жабдықталды.



Спорттық алаң көлемі – 2951 кв/м. Шағын футбол, волейбол, баскетбол, жүгіру жолы, жаттығуға арналған. Балалар шешінетін әр оқушыға арналған жәшіктер қойылып, спорттық ойындарға арналған құралдармен қамтамасыз етілген.

Ғимаратқа кіре берісте мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пандус орнатылған, кіреберіс есіктің ені 90 см. Бірінші қабатта арнайы кіру жолдары /тактильді/ және ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Мүгедектерге арналған баспалдақтан жүретін жылжымалы шынжыр табанды қадамдау бар. Баспалдақтар мен пандустар тұтқалармен жабдықталған. Есіктер мен баспалдақтар контрасты бояумен боялған. Ғимараттың бірінші қабатында мүгедектерге арналған әжетхана бар. Мектеп ғимаратының алаңына брусчатка тастары төселген және оқушылармен мектеп қызметкерлері демалатын алаңқай орындықтармен жабдықталған. Мектеп ауқымына жаңа қоршау орнатылған және талапқа сәйкес жарықтандырылған.

Оқу кабинеттері жайлы мәліметтер:

Бастауыш сыныптарына арналған барлығы 10 кабинет бар. Кабинеттер толығымен оқу процесіне сай жабдықталған. Кабинеттер жабдығы: барлық кабинеттерде 15 парта мен 30 орындықтан, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0 - 4 кабинетте орнатылған. Интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS) 3-тен 1-ге дейінгі қашықтан басқару пульті (гироскоп, қашықтан басқару пульті, пернетақта), «Bilimland», «iMektep», «iTest» ресурстарына қол жеткізілген. Желілік сүзгі 5 метр 5 розетка. Құлаққап гарнитурасы А4 3в1 көпфункционалды құрылғы. Көпфункционалды шкаф-2, 3032x1012 көлем бірлігінің моделі глобус, үлкейткіш әйнек, мектеп компасы, магнит жиынтықтары, зертханалық құрама штатив, Қазақстан картасы, электронды, зертханалық таразылар, сурет құралдарының жиынтығы, геометриялық денелер жиынтығы, геометриялық фигуралар, магниттік демонстрациялық құралдар, үлестірмелі қағаздар, «Сынып бұрышы», «Көбейту кестесі», «Русский язык», «Жол, өрттен абай бол!» тақырыптарындағы стендтер, таблицалық плакаттармен жабдықталған.



Мектеп-гимназияда екі қазақ тілі мен әдебиеті кабинеті (48,9 және 49,2 кв/м) толық жабдықталған. Кабинеттерде: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMektep», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Мобильді тірек, Core i 7-10700 жүйелік блогы, Монитор 23,8" 2 Web Cam, пернетақта + тінтуір сымды-2, тінтуір тақтасы- 2, желілік сүзгі -5 метр, 5 розетка. құлаққап гарнитурасы- 2, жартылай ашық шкаф-2, плакаттар мен карталарға арналған шкаф-2, қабырға

тақтасы. Қазақ тілі бойынша 5 -11-сыныптарға арналған плакаттар, қазақ әдебиеті бойынша ақын-жазушылардың суреттерімен қамтылған.



Орыс тілі және әдебиеті кабинеттерінің аудан көлемдері - 51 кв.м - және 50,9 кв.м. Кабинеттерде: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMekter», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Мобильді тірек Core i 7-10700 жүйелік блогы, монитор 23,8", WebCam пернетақта + тінтуір, көпфункционалды шкаф- 2, "Бүгін сабақта" стенді, "Орыс тілінің ережелері" стенді, 240x117 см.

Дидактикалық материалдар: орыс тілі және әдебиеті пәнінен тақырыптық плакаттар, сыныптар бойынша оқулықтар жиынтықтары, дидактикалық тапсырмалар, үлестірме дидактикалық материал, сөздіктер, орыс тіліндегі көркем әдеби кітаптар жинақталған.



Ағылшын тілі кабинеті (49,3 кв/м) Кабинет заманауи талапқа сәйкес жабдықталған. Кабинетте интерактивті 75 Android 11,0 панель-1, компьютер-1, системалық блок-1, клавиатура+тышқан-1, желілік фильтр-5м, наушник-1, магнитті-маркерлі тақта-1, стол-1, кресло-1, көпфункционалды шкаф-2, білім алушыларға арналған стол-30, орындық-30, стендтер-4 («to be істіктерінің жазылуы», «Менің Отаным»). Кабинетте «Bilimland», «iMekter», «iTest» интернет ресурстарына қол жетімді. Осы кабинеттен тыс тағы 2 кабинет бар. 15 білім алушыға шақталған. Компьютер, принтер, тақта, арнайы дидактикаға арналған шкафтар мен стендтер орналасқан.



Математика кабинеттері (48,9 және 50,7 кв/м) талапқа сәйкес толық жабдықталған. Кабинеттерде: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMekter», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Мобильді тірек Core i 7-10700 жүйелік блогы, монитор 23,8", Web Cam пернетақта + тінтуір, көпфункционалды шкаф- 2. «Сандық түзу» қосымшасы «Жиынтықтар» қосымшасы, «Көлем бірлігінің моделі» «Геометриялық денелер» жинағы, «Стереометрия» тарауы бойынша зертханалық жұмыстарға арналған модельдер жиынтығы, «Жиналмалы мөлдір геометриялық денелер» жиынтығы- 12 дана, шағын графикалық демонстрациялық калькулятор, геометриялық түрлі сызғыштармен жабдықталған.



Мектеп-гимназияда 2 информатика (66,6 м² және 69,4 м²) кабинеттері жұмыс жасайды. Барлығы 32 компьютермен жабдықталған. Интернет желісі 5 нүктеге қосылған 5 вайфай құрылғысы жұмыс істейді, интернет жылдамдығы 100 МГ бит/сек. АО «Транстелеком» қызмет көрсетеді. 2-11 сыныптарға арналған информатикадан оқулықтар мен оқу құралдары, мұғалімге арналаған әдістемелік құралдар, 7-11 сыныптарға арналған информатикадан электрондық оқулықтар, кабинет паспортын жабдықтаудың құжаттар тізімі, компьютерге арналған үстел 15 дана, орындық 15 дана, 15 дана компьютер, 15 дана жүйелік блок, 15 дана пернетақта, 15 дана тышқан, құлаққап 3 дана, мұғалім партасы 1 дана, мұғалім орындығы 1 дана, оқушылар үстелі 6 дана, оқушылар орындығы 6 дана. Бор тақтасы 1 дана, көрнекілік құрал қоюға арналған 2 шкаф. 16 порт қосқышы, БҚ электрмен жабдықтау қалқаны, Core i 7-10700 мұғалімдерінің жүйелік блогы, монитор, оқушының жүйелік блогы Core I 5-10400F, WebCam желілік сүзгі 5 метр 5 розетка, құлаққап гарнитурасы, штативтегі магниттік маркер тақтасы 60*90 см. Қауіпсіздік техникасы монтаждау материалдарының жиынтығы бар.



Физика кабинеті (63,9кв\м) талапқа сай техникалық және көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдармен толық жабдықталған. Кабинет 30 білім алушыға шақталған. Кабинетте: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMekter», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Техникалық спецификада көрсетілген мектеп бағдарламасына қажетті құралдармен қамтылған. Демонстрациялық үстел – 1 дана, компьютер қондырмасы бар мұғалім үстелі – 1 дана, оқушыға арналған парта – 15 дана, орындық оқушыға арналған 30 дана, ашық және жабық сөрелері бар оқу көрнекі құралдарына арналған шкаф 2 дана, зертханалық жиһаз, принтер 1 дана, графикалық проектор 1 дана, интерактивті тақта 1 дана. Cornelson құрал-жабдықтары бар. Атап айтсақ: «Механика»-1, «Дыбыс»-1, «Электр тогы»-1, «Оптика»-1, «Жылу физикасы»-1, «Жалпылама физика»-1 курстарын аарналған құралдар, заманауи үлгідегі сенсорлы датчиктер -1, телескоп -1, микроскоп-1, магнетизм-1. Sense Disk деректерін талдау бойынша абсолютті қысым, ток сенсоры, температура сенсоры, жарық сенсоры, кернеу сенсоры, ауа қысымы, дыбыс деңгейінің сенсоры, күш сенсоры, фотогейт сенсоры, магнит өрісінің сенсоры, әмбебап қосқыштар, аксессуарлар жиынтығы (атаулы корпус, стилус, зарядтағыш), микроскоп {1200x, 400x, 100x} штативтегі магниттік маркер тақтасы 60 * 90 см., миниатюралық шамұстағыш, демонстрациялық және зертханалық тәжірибелерге арналған ыдыс-аяқ жиынтығы, "DISCOVERY" кейсіндегі био-зерттеулерге арналған жинақпен қамтылған.



Биология кабинетінің аумағы 63,5 кв\м талапқа сай техникалық және көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдармен толық жабдықталған. Кабинет 30 білім алушыға шақталған. Техникалық спецификада көрсетілген мектеп бағдарламасына қажетті құралдармен қамтылған. Кабинетте: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMekter», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Биологиялық тәжірибелерге арналған жинақ-1, Sense Disk ПО сараптамасы-1, жүрек соғуын анықтайтын датчик, спирометр, температура, жарық, дыбыс, күш датчиктері-1-ден, ЭКГ -1, қуаттағыш құрылғы, стилус-1, электронды таразы-1, электрлік жарық беретін микроскоп, цифрлік микроскоп-1, оқушы микроскобы -15, ДНК структурасының моделі-1, РНК, жүрек, бас, көз, құлақ, мұрын, асқазан, бүйрек, бауыр, дененің бұлшық ет жүйесі, жұлын, лимфа модельдері-1-ден, демонстрациялық тәжірибелер мен лабораториялық жұмыстар жүргізуге арналған ыдыстар жинағы-1. Жасушаның бөліну моделі, митоз, мейоз, тері құрылымының моделі, аяқ моделі, лимфа жүйесінің моделі, целентерат гидрасының моделі, ланцет үлгісі, жануар жасушасының құрылымдық моделі, бойлық кима моделі, парак құрылымының моделі, парамеция кірпікшелі моделі, бұршақ гүлінің үлгісі, қырыққабат гүлінің үлгісі, картоп гүлінің үлгісі, шабдалы гүлінің үлгісі, қосжарнақты өсімдік гүлінің үлгісі, қызғалдақ гүлінің үлгісі, жүгері гүлінің үлгісі, адамның қаңқасы, қоян қаңқасының моделі, сүйекті балық қаңқасының, көгершін қаңқасының моделдерімен жабдықталған.



Химия кабинеті (65,9 кв\м) талапқа сай техникалық және көрнекі құралдар, оқулықтар, әдістемеліктер, дидактикалық құралдармен толық жабдықталған. Кабинетте: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMekter», «iTest» ресурстарына қол жетімді. Техникалық спецификада көрсетілген мектеп бағдарламасына қажетті құралдармен қамтылған. Демонстрациялық үстелі-1, компьютер қондырмасы бар мұғалім үстелі-1, принтер-1, мұғалім орындығы-1, білім алушыларға арналған парта-15, оқушы орындығы-30, шкаф-1 дана, сорғыш шкаф-1 дана, лабораториялық құралдарға арналған шкаф-1 дана, химиялық реактивтерді сақтауға арналған арнайы шкаф-2 дана. Көрнекілік кестелер жинағы: «Д.И.Менделеевтің химиялық элементтердің периодтық жүйесі», «Қышқылдар, тұздар, негіздердің суда ерігіштігі» көрнекілік кестесі –1 дана, бейорганикалық химия курсы бойынша кестелер жинағы-1, химия бойынша анықтамалық-қауіпсіздік кестелер жинағы-1 дана. Лабораториялық орын 5 білім

алушыға шақталған. Зертханалық жұмыстар жасау үшін қажетті құрал – жабдықтар: химиялық реактивтер, центрифуга, су моншасы, муфельді пеш, электр таразылар, қыздырғыш колба, электролиз құрылғысы, кристалдық тор модель, колбалар, сынауықтар мен заманауи үлгідегі сенсорлы датчиктер.



География кабинеті (49,3 кв/м) 30 оқушыға шақталған. Техникалық спецификада көрсетілген мектеп бағдарламасына қажетті құралдармен қамтылған. Кабинетте: 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло, демонстрациялық стол, көп функционалды шкаф-2, плакаттар мен карталарға арналған жекелей шкаф бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMekter», «iTest» ресурстарына қолжетімді. Температура датчиктері, тақырыптық карталар, білім алушыға глобус-15, глобус марс, компас, телескоп, гигрометр, барометр, мультиметр, курвиметр, циклон и антициклон, вулкан моделі, метеостанция, электронды дальномер. География бойынша тәжірибелер жинағы, деректерді тіркеуші Sense Disk деректерін талдау бойынша абсолютті қысым, салыстырмалы ылғалдылық, қозғалыс, температура сенсоры, жарық сенсоры, ауа қысымы, дыбыс деңгейі, күш сенсоры, фотогейт сенсоры, әмбебап қосқыштар, аксессуарлар жиынтығымен (атаулы корпус, стилус, зарядтағыш) қамтамасыз етілген.



Тарих кабинеті (68,4 кв/м) 30 білім алушыға 15 парта мен 30 орындық, мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло, демонстрациялық стол, көп функционалды шкаф-2, плакаттар мен карталарға арналған жекелей шкаф бар. Интерактивті панель 75 Android 11.0-1, интерактивті панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS), 3-тен 1-ге дейінгі пульт (гироскоп, пульт, пернетақта) «Bilimland», «iMekter», «iTest» ресурстарына қолжетімді. Қазақстан тарихы мен дүниежүзі тарихынан тақырыптық карталар, тарих кабинетіне арналған қазақ хандарының портреттер жинағы, Османлы түріктерінің жаулап алуы 14-15 в, 100х70 см Таяу Шығыс 20-шы жартысында-21-ші ғасырдың басында, 140х100 см Кеңес Одағының Ұлы Отан соғысы, 1941-1945 жж РҰС, 100х140 см 18 ғасырдағы тарихи оқиғаларға арналған жинақтар, тарихи тұлғалардың портреттер жинағы бір-бірден қамтылған.



Ұл балаларға арналған көркем еңбек (86,2 кв/м) кабинетінде: ноутбук HP-1, Window 10-1, столярлық верстак -12, тақта 170*100-1, мини станок подставкасы-3, ағаш өңдеу үшін станок подставкасы-1, метал өңдеуші станок подставкасы -1, стол 140*100-1, кресло-1, пневмо Lux-6, жұмыс табуреткасы-6, киімилетін шкаф-1, металл стелаж-2, металл шкаф ИП1/6-1, желілік фильтр-2, пластик-10, аккумуляторлық шуруповер -1, электро дрель-1, электрорлық ара-1, циркулярлық ара-1, техникалық шаңсорғыш-1, электрорлық рубанок-1 стабилизатор 1500/1 АСН Ц 1500Вт-1, лазерлік станок 40*60-1, техникалық фен-1, ұнтақтағыш машина-1, шеге сорғыш-2, кілт 200*24 хром-2, слесорлықбалға 800гр-2, балта 1000гр-1, балта 600гр-2, слесорлық балға 500гр-3, сверла-50, стамеска-4, металл тазалайтын щетка-6, аптечка-1, электрор шит-1, презент жеңдер-12, қорғаныс көзілдіріктер-12, қорғаныс шит-6, қолғап ХБ-20, плоскогубцы-12, отвертка-26, металл кесетін қайшы -6, металл кесетін пышақ -24, концеларлық пышақ -13, Штангенциркуль-6, құралдар сақтайтын жәшік-12, ватман-44, дөңгелек қылқалам-20, клей ПВА 85-4, акрильді бояу-12, мультиметр-1, сызу құралдары -1, ағашты күйдіру жинақ-12, вантуз-1, долото-стамеска-7, зубило-6, кернер-6.




Қыз балаларға арналған көркем еңбек (41,8 кв/м) кабинетіне 8 тігін машинасы, 1 оверлок машинасы орналастырылды. Ноутбук Win 10, қалқан дистрибьюторы, қабырға тақтасы, оқушының орындығы-16, мұғалім креслосы-1, көпфункционалды шкаф-2, темір инелер мен жіптер жиынтығы, тігін машинасына арналған инелер

жиынтығы және қолөнерге арналған иірілген жіп жиынтығы-8, ілмектер жиынтығы, қайшы-15, зығыр және оны қайта өңдеу өнімдері, мақта және оны қайта өңдеу өнімдері, жібек және оны қайта өңдеу өнімдері, жүн және оны қайта өңдеу өнімдері, білім алушыларға арналған фартуктар-16, фетр алты түсті-1 метрден, тоқыма жіптер- 6 түсті. кесте тігу машинасы-1, үтіктеу тақтасы-1, тігінші манекені-1 дана. Ас үйге арналған асхана үстелі-6, білім алушыларға арналған орындық-12, электр плитасы-1, сорғыш-1, ас үй ыдыстары- 1 комплект, магниттік ұстағышы бар 6 PR пышақ жинағы, тоңазытқыш-1, араластырғыш-1, шайнек-2, микротолқынды пештер-2. Барлық жабдықтармен қамтамасыз етілген кабинеттерде қажет болған жағдайда әр оқушы құралдарды жеке қолдана алады.




Музыка кабинетінің аудан көлемі 19,7 кв/м. Кабинетте пәннің оқытылуына барлық жағдай қарастырылған. Бір тумбалы мұғалім үстелі, ортопедиялық кресло, музыкалық аспаптар шкафы, екі орындық оқушы үстелі-10, Felica орындығы -20, қабырға тақтасы-1. Музыкалық аспаптар: сазсырнай нота А-ля, -1, нота G-соль-1, асатаяк-2, шанқобыз-1, сакпан-2, блок-флейта-2, Tree kantos-акустикалық гитара-1, марракаса-3, тамбурин Alice 5 Eloy-3, тамбурин Alice АТВ-002 ВК-2, дабыл-1, кастанета-1г синтезатор-1, синтезатор сөресі-1, вокалды микрофон-1, микрофон тірегі-1, пюпитр-11, кашпо-1, композиторлардың портреттері-1, «Ноталар» тақырыбындағы стенд, алғашқы көмек жинағы-1.

Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды оқыту процесі Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ғылыми-практикалық орталығы мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік құралдары көмегі негізінде жүзеге асырылады. ПМПК-ның берілген қорытындысы бойынша білім алушылар мектебіміздегі инклюзивті білім берудің ресурстық орталығына психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүргізуге ата-аналардың келісімі бойынша келіп білім алууда.



Мектеп-гимназияда психологиялық қызмет көрсетуге арналған кабинет (37 кв/м) жұмыс жасайды. Кабинетте компьютер арнайы құрылғысымен -2, мұғалім үстелі мен креслосы, шәкірт үстелі мен пропилон орындықтар, жарықтай ашық шкаф-2, "Сенсорлық пластиналар", түзету-дамыту жинағы, сәндік көбелек жапсырмалары, К-Т құм сағаты, босаңсытқыш шам, Д. Векслер тесті (балалар нұсқасы), Иматон баспасы, психологтың чемоданы, Семагоның диагностикалық жиынтығы, Орақ текшелерін сынау, "Шу қозғалтқышы" жинағы, сегіз түсті Люшер сынағы, Нұсқаулық пен карталар жиынтығы, құмды анимацияға арналған жарық үстелі, мөлдір мольбертпен Арт-терапия кешені, модульдік массаж төсеніші, Ортодон жиынтығы, ассорти массаж шары 9 см, дамытушы модуль, "шот"лабиринті, тактильді қабырға, акустикалық панелі 120X100 см SP0015, тактильді дамыту панелі (6 домино) тікенді сенсорлық шарлар 6 дана, білекті дамытуға арналған қабырға модулі (ойық бойымен қозғалыс), панельді дамыту, "Құлыптар" тактильді-дамытушы панелі, керек-жарақтары бар алғашқы көмек жинағы, тактильді текшелер- 10 дана, тактильді доп d 9см- 1 дана.



STEM зертханасы (80,1 кв/м) заманауи құрал-жабдықтармен жабдықталған. Интерактивті Панель 75 Android 11.0, панельге арналған кіріктірілген компьютер (OPS) 3-тен 1-ге дейінгі қашықтан басқару пульті (гироскоп, қашықтан басқару пульті, пернетақта), электрмен жабдықтау қалқаны Core i 7-10700, мұғалімдерінің жүйелік блогы, монитор 23,8" Web Cam пернетақта + тінтуір, тінтуір тақтасы, тышқан, желілік сүзгі 5 метр 5 розетка, құлаққап гарнитурасы, А4 3в1 көпфункционалды құрылғы, штативтегі 70 x 100 флипчарт бар. Физика бойынша тәжірибе жинағы: «Механика»-1, «Дыбыс»-1, «Электр тогы»-1, «Оптика»-1, «Жылу физикасы»-1, «Жалпылама физика»-1 курстарына арналған шағын зертхана, STEM технологиясын оқып үйренуге мұғалімге арналған жинақ, 10 робот жасайтын конструкторлар, Йо Тик М2 «Ақылды жылыжай» комплекті, қорғаныс көзілдірігі – 15, қолғап-15, оқушыға арналған стол-15, орындық-15, 2 көпфункционалды шкафтармен жабдықталған.



Робототехника кабинетінде (47,8 кв/м)- флипчарт тақтасы, мұғалім үстелі ортопедиялық кресло, көпфункционалды шкаф, өріс үстелі, «LEGO Education Spike» 45345 негізгі жиынтығы, «LEGO Education Spike Prime» 45678 жиынтығы, «LEGO Education Spike Prime» 45681 кеңейтілген жиынтығы, «BricQ motion prime» 45400, «BricQ motion start» (essential) 45401, «LEGO® Technic™ small Hub негізгі SPIKE™» жинағына арналған қайта зарядталатын батарея, «Qbit зерттеуші» білім беру конструкторы, шағын сума жарыс алаңы, Бортты жоқ Робот, футбол алаңы, Жарыс алаңы, «Кегельринг» жарысына арналған алаң, Raspberry Pi үйренуге арналған «Crowtail Стартер» Жинағы, IoT Green House Kit интернет технологиясын үйренуге арналған жинақ, «Arduino MEGA KIT», «Arduino UNO KIT» жинағын үйрену, «Arduino UNO KIT» кеңейтілген жиынтығын үйрену, қуыршақ Y, Arduino үшін 37 сенсор жиынтығы, «Arduino master» жинағы, «Robotank» робот конструкторы, «Біз Arduino MEGA жиынтығын үйренеміз» және «Роботтарды пайдалану салалары», «Роботтың бөлшектері», «Роботтың түрлері», «Робототехника жайлы қысқаша сипаттама» тақырыптарында стендтермен жабдықталған.

АРТ-студия кабинеті (37,9 кв/м) мектептің екінші қабатында орналасқан. Кабинетте флипчарт тақтасы, қолтықтары жоқ роликті орындық, сурет салу үстелі, 1 орындық (5,6-бағ), мұғалімнің үстелі, модульдік үш жақты 3 орындық реттелетін үстел (гр.4-6), полипропилен орындық, жартылай ашық шкаф, Беквам, 50см Wacom графикалық планшеті, веб-камера 2.0 5W, динамик жүйесі, пернетақта+тінтуір, тінтуір тақтасы, микрофон-телефон гарнитурасы, монитор 23,8 , мольберт Лира, құрама металл, ағаш мольберттер, жиналмалы натюрморт үстелі, мүсінші үстелі (бук, фанера), аяқтары жоқ зерттеу қорабы, қайың этюд қорабы 16в2 400х520х85мм, киіз инелері- 5 дана, Картон праймер, акрил 2мм 20х30см, төсек-орынға арналған эмульсиямен қапталған картон, белок щеткасы, қылқалам қылшықтары, қорап-сандық, керамикалық бұйымдар жиынтығы- 4, түстер ғылымына кіріспе- 16 кесте, дүниежүзілік кескіндеме кестелері-25, сәндік-қолданбалы өнер жиынтығы-6, репродукциялар-22 дана, Третьяков галереясының шедеврлері, Мемлекеттік Эрмитаж жиынтығынан-26 дана, суреттерді кептіруге арналған сөрелер 650х400х1580 мм орналасқан.



Дене тәрбиесі бойынша бағдарламаны орындау үшін мектеп аумағында жалпы алаңы бар үлкен спорт залы (266,8м2), кіші спорт залы (121,3 м2) бар. Мұғалім кабинеті мен білім алушылардың киім ауыстыратын жері-2. Сабаққа қажет құралдардың барлығы бар. Атап айтсақ: гимнастикалық ешкі-4, обруч-15, волейбол торы-2, волейбол доптары-7, шағын футболға арналған қақпа -2, футбол добы – 10, шаңғы- 50, теннис шарлары-10, теннисі ракеткасы-8, баскетбол доптары- 10, футбол доптары-10, баскетбол торы-2, шағын футбол қақпасы-2, жалпақ гимнастикалық матрастар-20, лақтыруға арналған гранаталар-8, секірткіш-10, ауыр доптар кг-10, лақтыруға арналған доптар-3, тоғызқұмалақ-15, шахмат тақтасы-8, секіртпе -20, лақтыруға арналған граната -5, ұзын гимнастикалық таяқшалар-20, гимнастикалық орындық-5.



Қазіргі уақытта оқу процессі материалдық және техникалық база бойынша жетілдірілді. 2023 жылдың қараша айында «Қазақстан халқы» қорынан 250 млн теңге бөлініп барлық кабинеттер заманауи үлгідегі жабдықтармен жабдықталды. Жаңа үлгідегі биология, физика, химия, информатика-лингвистика, STEM кабинеті, АРТ-студия, қыз балалар және ұл балаларға арналған көркем еңбек кабинеттер және барлық оқу кабинеттеріне парталар мен орындықтар қойылды. Білім алушылардың қоңырау уақытында дем алатын арнайы рекреациялық зоналар безендірілді. Оқу кабинеттерінде интерактивті 14 панел орнатылған, олардың барлығы интернет желісіне қосылған.



мектеп кітапханасы оқу үдерісі мен ғылыми зерттеулерді әдебиеттермен және ақпараттармен қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшесі, сонымен қатар білім беру, рухани және зияткерлік қарым-қатынас пен мәдениетті тарату орталығы болып табылады. Кітапхана өз қызметін өзінің негізгі әдістемелік тақырыбына, оқу сыныптарында, даму бағыттарына және тәрбиелік мақсаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Мектеп кітапханасы мектептің екінші қабатында, біріктірілген оқу залы мен абонемент орналасқан, бөлек кітап қоймасы бар. Мектеп кітапханасының жалпы көлемі – 126.47 ш.м. Оқырмандарға арналған 6 үстел, 8 орындық, 2 диван, 2 компьютер үстелі бар. Мектеп кітапханасында екі қызметкер жұмыс жасайды: Кітапхана меңгерушісі – Кенжегулова А.Н., кітапханашы-Қуанышова Ж.К. Кітапхана мектеп директоры бекітілген белгілі жұмыс жоспары бойынша жұмыс жасайды. Кітапхана үшін жылдық жұмыс жоспары негізгі және міндеті болып табылады. Кітапхана мен кітапханашылар қызметі жұмыстың мазмұнын анықтайтын нақты міндеттерге бағытталған. Мектеп кітапханасы жұмысының негізгі міндеттері – бұл білім беру процесіне қатысушыларды-білім алушылар мен мұғалімдерді кітапханалық-ақпараттық ресурстарды пайдалану арқылы ақпаратқа қол жеткізумен қамтамасыз ету. Кітапхана іс-шаралары, көрме жұмысы және басқа да жұмыс түрлері арқылы оқу-тәрбие үрдісіне ықпал ету. Дәстүрлі ақпарат көздерімен қатар, кітапханашылар жаңа әдебиеттерге бейне-шоу жасайды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «19» қаңтардағы №44 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау жөніндегі қағидалары бойынша жалпы мынадай ережелерді қамтиды. Кітапхана қорын қалыптастыру – қорды құру, ұдайы жаңарту, дамыту және оны жұмыс бабында ұстау; кітапхана қорын үлгілеу жөніндегі барлық технологиялық процестердің жиынтық ұғымы, білім беру қызметін іске асыру үшін мемлекеттік білім беру ұйымдарын ақпарат ресурстарымен қамтамасыз ету.

Кітапхана қорына түскен құжаттарды есепке алу оларды тұрақты, ұзақ және уақытша сақтау құжаттарына бөлу жолымен саралы түрде жүзеге асырылады.

«Кітапхана қорын жиынтық есепке алу Кітабының» үш бөлімінде немесе жиынтық есепке алудың басқа нысанында тіркеледі:

- 1) бірінші бөлім – «Қорға түскен түсім»;
- 2) екінші бөлім – «Қордан шығару»;
- 3) үшінші бөлім – «Қордың қозғалысының қорытындылары».

Кітапхананың кітап қорының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында құжаттарды жиынтық және жеке есепке алу жүзеге асырылады. Кітапхана қызметкерлері белгіленген қорды есепке алу, сақтау және пайдалану ережелерін сақтауға міндетті және осы ережелерді бұзғаны үшін жауап береді.

Мектеп кітапханасының төлқұжаты, кітапхананы пайдалану ережесі және жұмыс кестесі бар. Бухгалтерлік есеп пен есеп беру мектеп кітапханаларының жұмысын ұйымдастыру бойынша нұсқаулық-әдістемелік ұсыныстар нысандарына сәйкес жүзеге асырылады. Мектеп кітапханасы ғаламтор желісіне қосылған, балалар мен мұғалімдердің жұмыс істеуіне 2 ноутбук, 1 моноблок, 3 принтер бар. Оқушылар оқыған әдебиеттері бойынша буктрейлерлер, видеороликтер жасайды. Оқушылармен онлайн-көрмелер, көркем сөз оқу челенждері ұйымдастырылады. Кітапхананың 2023-2024 оқу жылында жұмыс көрсеткіші: оқырман саны- 955, бір жыл ішіндегі келу саны-12755, берілген кітап саны -17530, қордың кітаппен қамтылуы бір адамға шаққанда – 24.

Кітапхананың негізгі жұмыс көрсеткіші

№	Көрсеткіші	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж
1	Оқырмандар саны	936	940	955
2	Кітап берілу саны	12657	17400	17530
3	Қатысушылар	8054	12577	12755
4	Кітап қоры	61154	63163	63198
5	Оқулық	38503	40268	40956
6	Оқылымы	13,5	18,5	18,3
7	Айналымы	0,5	0,7	0,8
8	Қамтылуы	24	24	24

Қамтылудың көп пайыз болып тұрған себебі, негізгі қордың уақытылы есептік шоттан шығарылмауына байланысты. Ал, қазіргі таңда есептік шотқа дайындық қызу жүргізілуде. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 мамырда № 20708 болып тіркелді. Осы бұйрық негізіндегі ережелерге сәйкес аталған оқулықтарды кесте түрінде жіктеп, оқулықтың авторын, атауы, шыққан жылын, баспасы және сыныбы көрсетілген

Мектеп кітапханасында 63918 -дің үстінде кітап қоры жинақталған, оның 22962 данасы негізгі қор, ал қалған 40956 оқулық. Оқушыларымыз оқулықпен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Барлық оқулықтар ҚР Білім және ғылым министірлігінің бекіткен тізіміне сай. Мектеп қорындағы оқулықтар 11-сыныптар -2020 жылғы басылым, 4,9,10-сыныптар-2019 жылғы басылым, 3,6,8 –сыныптар - 2018 жылғы басылым, 5,7-сыныптар - 2017 жылғы басылым, 1-сыныптар 2021-жылғы, 2-сыныптар 2022 жылғы басылыммен оқиды. Сыныптарға берілген оқулықтар тізімделіп, «Оқулық беруді тіркеу» журналына тіркеліп беріледі. Кітапхана меңгерушісі оқулықтар қорының сақталуы туралы педкеңестер мен директор жанындағы отырыстарда , ата-аналар жиналысында сөз сөйлейді. Мектеп кітапханасының негізгі қоры 63918 оның ішінде мемлекеттік тілдегі кітаптар 58105 дана.

Кітап қорының жағдайы

	2021-2022 о.ж.	2022-2023 о.ж.	2023-2024 о.ж.
Жалпы қоры	61154	63163	63198
Негізгі қоры	22769	22886	22962
Оқулық қоры	38503	40268	40956

Мектебімізде мектеп кітапханасының баспасөзге жазылуы жақсы жолға қойылған, 2023-жылға - 15 атау – 114082 теңге, 2022-жылға – 30 атау – 208480 теңге. Бұл басылымдар мектеп кітапханасы болғандықтан оқушылар мен мұғалімдердің оқу процесіне пайдалануына арналған. Балалардың оқу бағдарламасына қосымша мәлімет алатын газет-журналдар: «Балдырған», «Айгөлек», «Мөлдір бұлақ», «Бала би», «Ақ желкен», «Ұлан», «Балалар әлемі», «Балапан бағы», «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» басылымдары. Кітапхана қоры әмбебап, көпсалалы болып келеді. Қор ББК бойынша салаланып, бастауыш сыныптар тақырып бойынша орналастырылған. Оқулықтар сыныптары бойынша қойылған. Кітапханадағы кітап қорының салалық құрамы: жаратылыстану ғылымдары-1444 дана, мәдениеттану ғылымдар 481 дана, әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-1562 дана, педагогикалық ғылымдар-12615 дана,Тіл және әдебиет- 1482 дана, көркем әдебиеттер – 5378 дана.

Баспасөзге жұмсалынған қаржы көлемі

2021-2022	2022-2023	2023-2024
208480	114082	0

Уақыт талабына байланысты кітапхана ісіне, қоғамдық кітап пен ақпарат хабарларға деген өскелең талаптарға сай кітапхана өз жұмысын атқаруда. Жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихи мен өнерін қастерлеп, халықтың салт-дәстүрін аялай, ардақтай білуде тәрбиелеу кітаптың еншісінде. Мектеп кітапханасы кішкентай болғанымен, атқарар қызметі үлкен. Кітапханаға оқушылар келіп, қажетті әдебиеттерін жазғызып алып отырады, білімдерін толықтырады. Бұл орын оқушылардың шығармашылық жұмыстарымен шұғылдандуына көп ықпалын тигізеді. Өткізіліп жатқан іс-шаралар, кітап көрмелері баршылық, ал біздің мақсатымыз – оларды тек бір атқарылды деген белгі үшін емес, жалпы оқырмандар сусындайтындай, ой-пікір туғызатындай етіп өткізу. Кітапхананы шынайы мәдениет ошағына айналдыру. Бүгінде балаларға арналған көркем әдебиеттермен мектеп кітапханасының қоры одан әрі де жиі толықтырылып отырса деген үміттеміз. Еліміздің азаматтары қазіргі заманға сай білімді, мәдениетті, өнерлі болуы қажет. Ол үшін терең білім, ғылым жаңалықтарын, өткен тарихымызды, өнерімізді білу үшін кітапты көп оқу керек. Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев Ұлттық қоғамдық кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларындағы кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екенін атап өтті. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушылардың кітап оқуға баулу мақсатында республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы басталып, мектеп әкімшілігімен бірлесіп іс-шаралар жобасы құрылып, іс-шаралар өткізілуде. «Оқуға құштар мектеп-оқуға құштар Ұлт» жобасын жүзеге асыру аясында оқушылар, ата-аналар, педагогтар үшін кітапханашылар буктрейлерлер, бейнероликтер, фото көрмелер жасалынып, дөңгелек үстел, библио-челлендж, марафондар мен акциялар ұйымдастырып Instagram, Facebook парақшаларына жарияланып отырады. Сондай-ақ үндестік жобасы бойынша жыл сайын ауқымды іс-шаралар өткізіледі және кітапхананың арнайы құрған жобасы «9-20-25» жобасы өз жұмысын бастады. «Ұлтымыздың ұлылары» , «Абай әлемі», «Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым», «Сыр аға- жыр аға» Сырбай Мәуленовтің 100 жылдығы, «Қазақстан-Республика менің», «Қазақтың текті қыраны - Талғат Бигелдинов » Талғат Бигелдиновтің 100 жылдығына арналған, «Мен жастарға сенемін!» Мағжан Жұмабаевқа 130 жыл, «Қаныш Сатпаев- алғашқы академик» атты көрмелер жасалынып, оқушылар мен ұстаздарға ақпарат берілді. Көрменің негізгі мақсаты- ақын-жазушылардың өмірін, еңбектерін, жалпы жеткен жетістіктерін көпшілікпен таныстырып үлгі ету.

Сонымен қатар кітапхана қорын толықтыру және кітап мәртебесін көтеру мен оқушыларға кітап оқуды насихаттау мақсатында акциялар өткізіледі. «Ілулі кітап» акциясында Шерхан Мұртазаның шығармаларын жарнамалап, 1 апта бойы жазушының шығармалары оқылды. Оқушылар ілулі тұрған кітапқа өз ой-пікірлерін қалдырды. 14-ақпан Дүниежүзілік кітап сыйлау күніне орай «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы жыл сайын өткізіліп отырады. Кітапхана қоры жаңа басылымдармен толығып, бұл күнді оқушылар асыға күтеді. Кітап сыйлау күні - кітап оқуды сүйетін және ұнататындардың мерекесі. Әдетте бұл күні бір - бірімен кітап алмасады немесе бір-біріне сыйға тартады. Сондай-ақ, оқушылар «Қыста оқимыз», «Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз» Республикалық акцияларына белсене қатысып отырады. Оқушылардың үзіліс уақыттарын тиімді ұйымдастыру

мақсатында өткізілген іс-шараларды атап өтсек: «Дауыстап оқу», «Күш-білімде білім-кітапта», «Мәңгі жаса - Қазақстаным!» викториналық тапсырмалар мен сұрақтар, «Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы» поэтикалық марафон. Оқушылардың белсенділігі мен қызығушылықтары кітапқа деген құрметтерінің белгісі деп ойлаймыз. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдермен бірлесе отырып кітап талдау конференциялары жүргізілді. Атап айтсақ, Мұхтар Әуезовтың «Қараш-қараш оқиғасы», Абай жолы роман-эпопеясының «Қайтқанда» бөлімі 9-11 сынып оқушыларымен талданды. Халықаралық балалар кітабы апталығында қала мектеп кітапханашылары бірлесе отырып түрлі іс-шаралар өткізеді. А.Құнанбаев атындағы мектеп -гимназия кітапханасында «Мен кітапты ашсам, мен әлемді ашамын» квизбук өткізілді. Бұл сайысқа қала мектептерінен 3 оқушыдан келіп қатысты. Белсене қатысқан оқушыларға мақтау қағаздары мен кітаптар сыйлыққа берілді. Апталық жоғары деңгейді өтті. Қалалық деңгейдегі іс-шараларға мектеп кітапханашылары үнемі ат салысып отырады. Атап айтсақ: Кейкі батыр атындағы №4 орта мектепте қала мектеп кітапханашылары мен қала мектеп оқу ісі жөніндегі орынбасарларының қатысуымен Әзілхан Нұршайықовтың 100 жылдық мерейтойына орай «Махаббат қызық мол жылдар» романына әдеби квест өтті. Қатысушылар 4 топқа бөлінді, кітапханашылар дайындаған тапсырмаларды орындап белсенділік танытты. «Ал, қанекей кітапханашылар!» атты қалалық кітапханашылар сайысы өтті. Сайыс 5 кезеңнен тұрды. Сайыстың мақсаты- тақырып бойынша білімін көрсетіп қана қоймай, өз табиғатының шығармашылық қырларын көрсету. Мектеп-гимназия кітапханашысы Қуанышова Жаңыл Кәкімқызы мамандыққа адалдығы үшін номинациямен марапатталды. Үндестік жобасы бойынша ата-аналармен бірлескен жұмыстар үнемі атқарылып отырады. «Отбасы - тәрбие мектебі» фотоколлаж сайысы, «Үздік оқырман отбасы» отбасылық сайыс, «Алғыс айту - парызым» дөңгелек үстел өткізілді. Ой санасы дамыған, адамгершілік және дене тұрғысынан салауатты, мәдениетті тұлғаны жан-жақты қалыптастыруды көздеген тәрбиенің мәселелері мектепті де, ата - ананы да әрқашан толғандырып келеді. Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі мектеп пен ата - аналар арасындағы ынтымақтастық қарым - қатынаста. Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата - ана. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады.Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған туыскандарына деген сүйіспеншіліктен басталады.» - деп Елбасы айтқандай, бала әкеден - ақыл, анадан - мейір алып өседі. Қай ата- ана болмасын баласының тәрбиелі,білімді, мәдениетті болуын қалайды. Ал адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның келешегіне сенімділігі баланың ата - анасын ардақ тұтып, өзінің перзенттік қарызын бір сәтке де есінен шығармауында.

Биылғы оқу жылында арнайы құрылған «9-20-25» жобасы өз жұмысын бастады. Бұл жоба күнделікті кітап оқу дағдысын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған, Оңтүстік Корея іс-тәжірибесінен алынған. 9 ай, оқу жылы бойы, мектеп кітапханасында 20 минут кітап оқу, 25 кітапхана мөрін жинау. Жыл соңында 25 мөр жинаған оқырмандар арнайы мадақтама қағаздарымен марапатталады. Бұл жобадан оқушылардың кітап оқуға деген талпынысы мен белсенділіктерін байқауға болады. 2021, 2023 жылдары жергілікті бюджет есебінен мектеп кітапханасының қоры (үш тілдегі көркем әдебиет) айтарлықтай толықтырылды. 2021 жылы кітапханаға – 862 көркем әдебиет келіп түсті, 2022 жылы – 117 кітап, 2023 жылы – 76 кітап. Электрондық құжаттар қоры оқулықпен бірге жинақталатын дискілерден тұрады, сондай-ақ қорда математика, физика, биология, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, Қазақ тілі бойынша кестелер мен схемалар, «Қазақстанның мәдени мұрасы» мультимедиялық энциклопедиясының коллекциясы бар. Мерзімді басылымдарға жеке, жылдық жазылу рәсімделді. Мектеп кітапханасының жұмысын кітапхана меңгерушісі *А.Н Кенжегулова* ұйымдастырады. Педагогикалық жоғары білімі бар: Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Кітапханашылық еңбек өтілі: 9 жыл, осы мектепте 9 жыл үздіксіз жұмыс істейді. Кітапханашы *Қуанышова Ж.К.* жоғары білімі бар, Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтын бітірген. Еңбек өтілі 3 жыл. Біліктілікті арттыру мақсатында кітапханашылар курстардан өтеді, кітапханашылардың қалалық семинарлар, вебинарларда өз іс тәжірибелерімен бөліседі. Кітапханадағы кітаптар қорына келіп түскен жаңа кітаптар бойынша әр түрлі форматтағы онлайн-конференция, вебинарларға ақпараттық кітапханалық сабақтар өткізуі дәстүрге айналған. Мектептің Instagram әлеуметтік парақшасында өткізілген іс-шараларды үнемі жариялап, ата-аналарға, көпшілікке, оқырмандарға хабардар етеді.

Кітапхана қызметкерлері - кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы алтын көпір.

6. Заманауи технологияларды, оқытудың инновациялық нысандары мен әдістерін, білім алушылардың танымдық қызметін жандандыру құралдарын енгізудің тиімділігі, т.б

Әдістемелік кеңес отырысының №1 әдістемелік кеңес «Жоспар- мектептің негізгі мақсатқа жетудің бірден бір басты құралы» тақырыбында өтті. №2 әдістемелік кеңес «Басты талап- сапалы білім» тақырыбындағы отырыста «Білім сапасын көтеру-оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру» тәжірибе алмасу, «Оқу –тәрбие үрдісіндегі денсаулық сақтау білім беру технологиялары», №3 әдістемелік кеңес «Оқушылардың қабілеті мен құндылықтарын дамыту» тақырыбындағы отырыста «Дарынды және

талантты оқушылар-мектеп айнасы» (дарынды оқушылармен жұмыс), «Оқыту тәжірибесін жетілдірудегі мектеп оқушыларының аналитикалық құзыреттілігі» (мониторинг жүргізу), «Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде оқылым дағдыларын жетілдіру» тақырыптары күн тәртібінде қаралып тәжірибе алмасты. Жоспар бойынша әр бірлестік мүшелері, яғни пән мұғалімдері өз тәжірибелерімен бөлісу, өзара тәжірибе алмасу мақсатында апталық жоспарланған. Жоспарға сәйкес ашық сабақтар, жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету мақсатында бақылау жұмыстары жүргізілді. Жалпы апталық, семинарды өткізудегі негізгі мақсат: мұғалімдердің шығармашылық, ізденушілік, жауапкершілікті сезіну қабілетін арттыру, өзара тәжірибе алмасу. Жас мамандар үшін де әдістемелік қызметін шыңдауда көмегін тигізеді. Әдістемелік бірлестіктерінің пән онкүндіктері мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін арттырудағы, дарынды және талантты оқушыларды анықтауда, танымдық қабілеттерін дамытудағы әдістемелік жұмыстың бір түрі. Пән онкүндіктерінде пән бойынша танымдық жағынан жеке, топтық, жалпылама жұмыс түрлері жүргізілуі мұғалімдер мен оқушыларға шығармашылық қабілеттерін ашуда, өздерін көрсетуге мүмкіндік береді.

2023 жыл қазан айының 2-10 аралығында «Адам және қоғам» пән бірлестігінің «Ұлы дала тарихы - ұлт тарихы» тақырыбында апталығы өтті. Мақсаты: Оқушыларға өткен тарихы туралы мәлімет бере отырып, тарих сабағының маңыздылығын ұғындыра білу, оқушылардың салыстырмалы түрде ойлау, ой түйіндеу, өзіндік пікір қалыптастыру қабілеттерін дамыту. Өткен күннен өнеге ала отырып, болашаққа бағдар жасай білуге, тарихын құрметтеп, қадір тұтуға тәрбиелеу. Апталық барысында тарих пәні мұғалімдері өз ашық сабақтарын, сыныптан тыс іс-шараларын өткізді. Батталова Ж. А. 10 «Б» сыныбымен «Ерте көшпенділер дәуіріндегі Ұлы Дала өркениеті», Кадирова Н. Т. 5 «В» сыныбымен «Қазақстан аумағында металлургияның пайда болуы», Турсунбеков А. Ж. 7 «Г» "Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуы", Қабимолда А. Ж. 7 «В» сыныбымен "Қазақ хандығының Ресей империясына қосылуы", Тургунбаева Г. Ш. 11 «А» сыныбымен құқық пәнінен «Қазақстан Республикасындағы ювеналды юстиция» тақырыптарында өз ашық сабақтарын өткізді. Әр мұғалім өз сабақтарында жаңа технология әдістерін пайдаланып, топтық, жұптық, жеке жұмыстар жүргізді. Мұғалімдер үлкен ізденушілікпен дайындалған, интерактивті тақтаны қолдана отырып, жаңа технологиялардың стратегияларын қолданды. Сонымен қатар 9 сыныптар арасында Батталова Ж.А, Тургунбаева Гүлсая Шаяхметовна «Құқықтық мемлекет» зияткерлік сайыс, 7 А,Б сыныптар арасында Кадирова Нүргүл Тоқтаровна, Қабимолда Айшолпан Жомартқызы «Тарихынды таны» интеллектуалдық сайысы, Турсунбеков Асхат Жазбаевич, Аманкелді Айнұр Аблайқызы 9 сыныптар арасында «Тарих білгірлері» интеллектуалдық сайыс өткізді. Апталықтың жабылу барысында белсене ат салысқан оқушыларға мақтау қағаздарымен марапатталды. Жаратылыстану пәндері бірлестігінің «Жаратылыстану ғылымы – ақыл ойдың әуені» атты пәндік апталығы 2023 жылдық 13 қараша – 21 қараша аралығында өтті. Апталықта бірлестік мұғалімдері белсене қатысты. Ашық сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар өткізілді. Онкүндік аясында мұғалімдер ашық сабақ беру барысында, жаңа технологияларды тиімді пайдаланатыны байқалды. Мұғалімдер жаңа технологиялық платформаларды пайдалана отырып, жоғары деңгейде ашық сабақтар өткізді. Ашық сабақтармен қатар сыныптан тыс іс-шараларда «[Wordwall.ru](https://www.wordwall.net/), Plickers, Mentimeter, Quizizz, ZipGrade, Baamboozle» платформаларды ұстаздар тиімді пайдаланды. Апталықтың ашылуы акт залында кішігірім концерттік бағдарламамен басталып, әртүрлі іс-тәжірибелерге ұласты. «Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында сыныптан тыс іс-шаралар оқушылардың жаратылыстану ғылымдарына қызықтыру мақсатында өткізілді. Бүгінгі ғылым мен техниканың қарқынды дамып, еліміздің экономикасы өсіп, үкімет үдемелі индустрияландырудың керемет жобаларын жүзеге асырып отырған кезеңде оқушылардың математика мен физика пәндерінен біліміне, компьютерлік сауаттылық деңгейіне қойылатын талапта жоғары. Болашақта білімді ұрпақ керек, ал білім кілті – барлық нақты ғылымдардың негізін меңгеруде. Себебі математикалық білімі мықты, компьютерлік сауаттылығы жоғары әрі ойлау қабілеті дамыған бала ғана ғылым мен техника тілін табысты меңгере алады. Әр баланың жеке бір ғылымға деген қабілетін ескере отырып оқыту, оны дамытудың барлық мәселелерін шешетін дайын әрі керемет әдістеме болуы мүмкін емес. Оқушылардың бойында білімге деген қажеттілікті сезіну, білім алу үшін өз бетінше іздену, жаңашылдыққа ұмтылу қасиеттерін тәрбиелеу – сабақта ғана емес, сыныптан тыс жұмыстарда да жүзеге асырылуы керек. Осындай жұмыстың маңызды бір бағыты – пәндік апталық болып саналады.

